

Халыққа кезек күттірмес медициналық жәрдем көрсетуге арналған бастапқы жәрдем қобдишасының құрамын бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2004 жылғы 20 желтоқсандағы N 876 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2005 жылғы 12 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 3358. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 24 мамырдағы № 377 Бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010.05.24 № 377 Бұйрығымен.

"Дәрілік заттар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 10) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:** Қараныз K090000193

1. Қоса беріліп отырған халыққа кезек күттірмес медициналық жәрдем көрсетуге арналған бастапқы жәрдем қобдишасының құрамы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттігі төрағасының Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 24 мамырда N 1138 тіркелген 2000 жылғы 18 сәуірдегі "Бастапқы жәрдем (автокөлік) қобдишасының құрамын бекіту туралы" N 225 бұйрығының күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

3. Фармация комитеті (Л.Ю.Пак) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

4. Әкімшілік департаменті (Д.В.Акрачкова) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау бірінші вице-министр А. А.Ақановқа ж ү к т е л с і н .

6. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

"Халыққа кезек күттірмес
медициналық көрсетуге
арналған бастапқы жәрдем
қобдишасының құрамын
бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің

2004 жылғы 20 желтоқсандағы

№ 876 бұйрығымен бекітілген

Халыққа кезек күттірмес медициналық жәрдем көрсетуге арналған бастапқы жәрдем қобдишасының құрамы

р/с N	Атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Қолдану тәсілі
Жүрек аймағы ауыруларында қолданылатын дәрілер				
1.	0,06 г валидол таблеткалары N10	орамы	1	Жүрек аймағы ауырғанда бір таблетканы сублин-гвальды (тіл астына) салып толық ерігенге дейін ұстайды
2.	0,0005 нитроглице-рин таблеткалар N10	орамы	1	Жүрек аймағы ауырғанда 1 таблетканы сублинг-вальды (тіл астына) салып толық ерігенге дейін ұстайды
Талып қалғанда (коллапста) қолданылатын дәрілер				
3.	10% - 10 мл аммиак ерітіндісі	сауыт	1	Талып қалу жағдайында аммиак ерітіндісімен суланған мақтаның немесе дәкенің кішкене бөлшегін мұрын жолдарына (0,5-1 сек) жақындату керек
Қабынуға қарсы ауыруды басатын дәрілер				
4.	0,25 ацетилсалицил қышқылы таблетка- лары N10	орамы	1	Температура көтерілгенде 1-2 таблеткадан
5.	0,5 метамизол таблеткалары N 10	орамы	1	Ауыруды басу үшін 1-2 таблеткадан
6.	1 мг клемастин таблеткалар	орамы	1	Аллергиялық реакция бел-гілері (тері жабындары мен шырышты қабықтардың қышуы, қызаруы, ісінуі) кезінде 1 таблеткадан қабылдау керек
Улану кезінде қолданылатын дәрілер				
7.	0,25 белсенділен-дірілген көмір N10	орамы	10	Улану белгілерінде (жүрек айнуы, асқазан-ішек жолдары ауырғанда) дене салмағының 1 килограммына есептеле отырып, мол сумен 1 таблетка қабылдайды
				Антисептикалық дәрі ретінде сыртқа - жара-ларды, жара беттерін

8.	3 г калий перманганаты	сауыт	1	шаюға арналған сулы ерітінді (ерітінді әлсіз қызғылт түсті)
Жарақаттарда (соғылулар, сынықтар, шығып кетулер, күйлер), жаралануларда қолданылатын дәрілер				
9.	5% - 10 мл спиртті йод ерітіндісі N10	сауыт	1	Терінің ұсақ зақымдануларын (соғылуларды, жараларды, ашық жараны) өңдеуге арналған антисептикалық дәрі ретінде сыртқа
10.	1% - 5 мл бриллиант көгі ерітіндісі	сауыт	1	Терінің ұсақ зақымдануларын (соғылуларды, жараларды, ашық жараның айналасын) өңдеуге арналған антисептикалық дәрі ретінде сыртқа
11.	0,5% - 5 мл новокаин ерітіндісі N10	орамы	1	Жергілікті жансыздандыруға арналған
12.	3% - 25 мл сутегі пероксиді (асқын тотығы) ерітіндісі	сауыт		Жаралар мен соғылуларды шаю үшін дезинфекциялық дәрі ретінде, мұрыннан қан кетуде қан тоқтататын дәрі ретінде - сутегі асқын тотығымен суланған мақтаның немесе дәкенің кішкене бөлігін мұрынға төсейді
13.	Серильді дәке бинт 5x10	дана	1	Ашық жараларда дене бетінің учаскелеріне төселетін таңғыш зат
14.	Стерильді дәке салфеткалар 45x29	дана	1	Үлкен аумақтардағы ашық жараларға немесе күйлерге төсеу және ашық қан кетулерді тоқтату үшін
15.	Серильді емес дәке бинт 5x10	дана	1	Ашық жаралар болмаған кезде дене учаскесінің бетіне төселетін немесе иммобилизациялау мақсатында стерильді бинттің үстіне оны бекемдеп таңуға арналған таңғыш зат
16.	50 г стерильді емес гигроскопиялық медициналық мақта	дана	1	Бриллиант көгі спиртті ерітіндісімен немесе спиртті йод ерітіндісімен жара беттерін өңдеу және аммиак ерітіндісімен сулау үшін
				Аяқ-қолдың ірі күре тамырларынан қанды уақытша тоқтатуға арналған.

17.	Қан тоқатқыш жіп	дана	1	Жараланған жердің жоғары тұсынан төсеп бірнеше рет аяқ-қолды айналдыра орайды және ілмектің немесе шынжырдың көмегімен бекітеді. Жіпті 1,5 сағаттан асырмай салуға болады. Жіптің салынған уақыты көрсетілген жазуды қалдырып, оны жіпке бекіту керек
18.	Бактерицидті жабысқақ бұласыр 2, 5 x 7, 2 3,8x3,8	дана	1	Терінің аздаған зақымдануларын (соғылуларды, кесілулерді, жырылуларды) қорғау және зарарсыздандыру үшін. Қолдану тәсілі: қорғаныш үлбірін алып, жараға дәке тампон төсеу және жабысқақ бұлсырмен желімдеу керек.
19.	Созылғыш түтікшелі бинт N 1 , N 2 , N3	дана	1	Таңуларды бекемдеуге арналған: N1 - ересектер саусақтарына қолдарының ұшына, сондай-ақ балалар білезіктері мен табанына; N2 - балалар қолдарының ұшына, иық алдына, табанына, шынтак, білезік, балтыр-табан, тізе буындарына; N3 - балалар иық алдына, иығына, балтырына, ересектердің тізе буынына, балалар жамбасына, басына
20.	Бір рет қолданылатын инъекциялық шприцтер 5 мл инелерімен	дана	1	
21.	70% 30 мл этил спирті	сауыт	1	Антисептикалық және дезинфекциялаушы дәрі ретінде
Қосалқы заттар				
22.	Қайшы	дана	1	
23.	Түйреуіш	дана	5	

Е с к е р т у :

Қобдишада дәрі-дәрмектердің қажетті тізбесін қолдану жөніндегі нұсқаулығы да болуы тиіс.

Дәрілік заттар полиэтилен оқшантайларға салынуы және медициналық полипропиленнен жасалған корпуста сақталуы тиіс.

Тізбеде көрсетілген дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды өз бетінше ауыстыруға және таңбалануы бүлінген және жарамдылық мерзімі өткен дәрілік заттарды қолдануға тиым салынады.

Халыққа кезек күттірмес медициналық жәрдем көрсетуге арналған бірінші көмек қобдишасы дер кезінде толықтырылуға жатады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК